

Жаңа тағайындалған судьялар таныстырылды

Өткен бейсенбіде Қостанай облыстық сотында Қазақстан Республикасы Президентінің ағымдағы жылдың 20 қазанындағы Жарлығымен тағайындалған судьялар таныстырылды.

Сонымен, Қостанай облыстық сотының судьясы болып Құралай Екішева, облыстық кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьялығына Мылтықбай Қазтаев пен Манарбек Өрімбаев, Қарасу ауданының №2 сотына төраға болып Болат Көбеев тағайындалды.

Тағайындалған судьяларды ұжымға таныстырған Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев олардың жұмыс етілі мен жетістіктеріне тоқталды.

Облыстық сот судьясы Қ. Екішева он бес жылдан астам уақыт Арқалық қалалық сотында судья болып еңбек еткен.

Ювеналдық сот судьясы болып тағайындалған

М.Қазтаевтың судьялық етілі он үш жыл. Бұған дейін ол Денисов және Меңдіқара аудандық соттарында төраға болған. М. Өрімбаев та ұзақ жылдар судья болып еңбек етіп келеді. Тек Жітіқара аудандық сотында 2004 жылдан бері сот төрелігін жүзеге асырып келген.

Жаңадан тағайындалған Қарасу аудандық №2 сотының төрағасы Б. Көбеев бұған дейін төрт жыл Наурызым ауданында судья болды.

Қостанай облыстық сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев судьяларды жаңадан тағайындалуларымен құттықтап, жаңа жұмыс орнында абыройлы еңбек, кәсіби шеберлік тіледі.

Сонымен қатар, Асламбек Амангелдіұлы облыстық бірқатар судьялары республикамыздың өзге өңірлерінде судья және сот төрағалары болып тағайындалғанын атап өтіп, бұл Қостанай облыстық сот жүйесінде олардың кәсіби деңгейде шыңдалғанының көрсеткіші екендігін назарға салды.

**Қостанай облыстық сотының
баспасөз қызметі**



Ынтымақтастық туралы меморандум

2017 жылғы 25 қазанда өз қузыреті шегінде іс жүргізуді қысқарту және іс жүргізудің айқын болу үшін жеделділікті жоғарылату мақсатында азаматтық мүдделері үшін қылмыстық процесті оңтайландыру мәселелері бойынша келісімге келу қажеттілігін ескере отырып Қостанай көлік прокуратурасы, Қостанай қаласының № 2 соты, Қостанай станциясындағы ішкі істер желілік бөлімі арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасасылды.

Тараптар азаматтық мүдделері үшін қылмыстық процесті оңтайландыру мәселелері бойынша өзара ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Қостанай станциясындағы ішкі істер желілік бөлімі 3 тәулікке дейін тергеу қиындық туғызбайтын айқын қылмыстар мен қылмыстық қылықтар жөніндегі қылмыстық істерді сотқа дейінгі тергеуді оңтайландыруды қамтамасыз етіп, 10 тәулікке дейін жеделдетілген сотқа дейінгі тергеу түріндегі қылмыстық істерді тергеуге және дереу прокурорға жолдайды. Кінәсін мойындау туралы келісімге келу түрінде процессуалдық шешімді жасау жөнінде қолдауға түсу барысында қылмыстық істерді тәулік ішінде прокурорға жолдайды. Тергеу іс-әрекеттерін жүргізу барысында барынша куәгерлерді қатыстырып, аудио-бейне фиксация құралдарын қолданады (тек ҚІЖТК-нің 197-бабының 6-т. көзделген жағдайларында).

Қостанай көлік прокуратурасы қылмыстық істерді жедел зерделеу және сотқа жолдауды қамтамасыз етеді: қылмыстық қылықтар жөнінде – 6 сағатқа дейін (ҚІЖТК-нің 528-бабы 3- бөлігіне сәйкес – тәуліктен кем емес, ал сезікті ҚІЖТК-нің 128-бабының төртінші бойынша ұсталса – 8-сағатқа дейін); жеңілдетілген сотқа дейінгі тергеу түрінде – тәулік ішінде (ҚІЖТК-нің 190-бабы 7-бөлігіне сәйкес – 3 тәуліктен кем емес); кінәсін мойындау туралы келісім жасау түріндегі процессуалдық келісім – тәулік ішінде (ҚІЖТК-не сәйкес мерзімі шектелмеген).

Қостанай қаласының №2 соты 3 тәулік ішінде жалпы соттың істің қарауы немесе қысқартылған түрінде шешім қабылдауын қамтамасыз етеді (ҚІЖТК-нің 319-бабы 4-бөлігіне сәйкес 5 тәуліктен кем емес); істерді қысқартылған тәртіппен 7 тәулік ішінде қарастыру (ҚІЖТК-нің 382-бабы 2-бөлігіне сәйкес 10 тәулікке дейін); істер бойынша: а) жеделдетілген сотқа дейінгі өндіріс тәртібі бойынша келіп түскендер; б) кінәсін мойындау туралы келісім жасау түрінде процессуалдық келісім жасау арқылы. 7 тәулікте қылмыстық қылықтар жөніндегі істерді қарау, тек ҚР ҚІЖТК-нің 529-бабы 4-бөлігімен көзделген жағдайларда ғана (ҚР ҚІЖТК-нің 529-бабы 3-бөлігіне сәйкес 15 тәулік көзделген).

**Н. МАХАНБЕТОВ,
Қостанай ст. ІІЖБ ТБ бастығы
полиция майоры**

Ғалымдар басқосқан халықаралық конференция

Жақында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына 25 жыл: дамудың қорытындылары мен келешектері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференция жұмысына Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Украина, Бангладештің жетекші ғалымдарының, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен қызметкерлерінің 140 ғылыми мақалалары, сондай-ақ жоғары оқу орындары басшыларының құттықтау сөздері енгізілді.

Конференцияның ашылу салтанатында Академия бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция генерал-майоры Мирлан Ахмедияұлы Қызылов құттықтау сөз сөйлеп, конференцияға қатысушылардың ғылыми жұмысына сәттілік, ғылыми отырыста қарастырылатын мәселелерді талқылауда жаңа шығармашылық табыс пен жоғары кәсіби жетістіктер, қазақстандық ғылымға және мемлекетке қызмет етуде нақты шешімдер мен сарқылмас күш-қуат тіледі.

Құрметті конференцияға қатысушылар мен қонақтар. Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы басшылығының және жеке өз атыман Сіздерді конференция жұмысының басталуымен және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының 25 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

1992 жылы 23 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Заң қабылданды. Бұл құқық қорғау органының мақсаттары мен функцияларын, құқықтары мен міндеттерін анықтайтын бірінші құқықтық акт еді. Сөйтіп, биыл ішкі істер органдарына ширек ғасыр толып отыр. Бұл тәуелсіз еліміздің өмірі өлшемімен алсақ, аз уақыт емес. Ширек ғасыр бойына осы органға қызмет етіп, оның ыстығына күйіп, суығына тонып келе жатқандықтан, оның мәселелері бізді өсте толғандырмай қоймайды.

Мемлекет басшысының 2017 жылдың 31 қаңтарындағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында төртінші басымдықты адами капитал сапасын жақсарту деп белгілеуі жаһандық деңгейдегі ой кешу үрдісінің айқын белгісі. Адами капитал білім, ілім және ұлтжандылықты дамыту арқылы қалыптасады. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін қолайлы жағдай

жасаудың өзі оның негізгі көзі – адам болып табылатындықтан. Осы ыңғайда жоғары оқу орындарының атқаратын ерекше орны бар. Елбасы сөзімен айтқанда, ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.

Қазіргі заманғы полиция қызметкерлерінің тек қана кәсіби маман болып қоймай, жоғары адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген жеке тұлға ретінде қалыптасуы біз үшін аса маңызды. Бізге маман емес, алдымен адам керек. Бұл – бірінсіз бірі жоқ, бүтіндікті құрайтын бірзатты кежіжағындай нәрсе. Сондықтан бүгінгі күні ІІМ кадрлық құрамын реформалау жағдайында, негізгі басымдық ішкі істер органы болашақ қызметкерлерінің бойында азаматтық, адамгершілік, рухани және басқа да тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттерді қалыптастыру, олардың құзыреттілік және құқықтық мәдениетін көтеру, жедел-қызметтік міндеттерін орындауда жоғары дәрежедегі уәждемеге жеткізу, қызметтік тәртіпті, заңдылықты және қызметтік кәсіби-этикалық нормаларды сақтауды нығайту болмақ. Академияда білім алып жатқан болашақ полиция қызметкерлері үшін адастырмас темірқазық күнделікті құқық қорғау қызметтерін атқаруда жан аямайтын ержүректілік, батырлық, антқа адалдық, қызметтік борышқа беріктік – негізгі бағдар. Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының назарға алатыны да осы бағдар. Қазіргі кезең Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің базистік теориялық негіздерін, философиялық және педагогикалық әдіснамасын кең көлемде реформалаумен сипатталады. Жаңа кезең білім беру мазмұнын түпкілікті өзгертуді, жаңа білім беру технологияларын қалыптастыруды қажет етеді, деді өз сөзінде Академия бастығы Мирлан Ахмедияұлы.

Академия бастығының алғы сөзінен кейін конференция жұмысы басталды. Конференция барысында 2 сессияның жұмысы келесі бағыттар бойынша жоспарланды:

- Қазақстан Республикасының жаңа заңнамасын қолданудың және жетілдірудің өзекті мәселелері;

- қазіргі жағдайда ішкі істер органдары қызметкерлерін кәсіби даярлаудың өзекті мәселелері.

Конференция ашылуынан соң Ресей ЖОФҚ Академиясының (Рязань қ.) бастығы ішкі қызмет генерал-майоры А.А. Крымов өзінің бейне үндеуі арқылы барлық конференцияға қатысушыларды құттықтады. Жалпы конференцияға қатысушылардың баяндамалары пленарлық мәжілісте және сессиялар жұмыстарында тыңдалды. Пленарлық мәжілісте ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы қылмыстық, қылмыстық-атқару құқығы

және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы А.Б. Сқақов, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор С.А. Қолдыбаев, ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының ҒЗО ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының магистрі полиция подполковнигі Г.Б. Қожмұхамедова, ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы Біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтының бастығы, педагогика ғылымдарының кандидаты, полиция полковнигі Г.Б. Жандарбекова, ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы КОФ бастығы, философия ғылымдарының кандидаты, доцент, полиция полковнигі Г.Т. Кульжанова, сондай-ақ ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы ЖІК кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының магистрі, полиция полковнигі К.И. Юдаков сөз сөйледі. Ғалымдар өздерінің еңбектерін ортаға талқылап салып, оның оң тұстарын, елге пайда берер тұстарын дәлел-дәйектерімен дәлелдей білді.

Конференцияда Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жайлы, тәуелсіздік алғаннан бері ішкі істер органдарының қызметі, бүгінгі күннің көкейкесті өзекті мәселелері туралы көптеген тақырыптар қозғалып, қатысушылар өз пікірлері мен көзқарастарын білдірді. Әсіресе ерекше көзге түскен жайт Пробация қызметі жайлы баяндама жасаған А.Б. Сқақов пен заң ғылымдарының кандидаты И.В. Слепцовтың қылмыс жасаған жасөспірімнің жазаға тартылуы жайлы қызу пікірталас болды. А.Б. Сқақовтың пікірінше, бұл жағдайға объекті түрде баға беріп, тәрбиелік үрдіс ретінде қарастырылған жөн.

Сонымен конференцияға ұсынылған өзекті мәселелерді қамтитын, заман ыңғайы мен дәуір талабына сай орын алып жатқан заңды құбылыстар жайлы ғылыми баяндамалар конференцияның барлық секцияларында талқыланды. Конференция жұмысының қорытындысы бойынша «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына 25 жыл: дамудың қорытындылары мен келешектері» атты конференция материалдарының жинағы басылып шықты. Оған Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары, басқа да білім беру ұйымдары, құқық қорғау органдары өкілдерінің ғылыми мақалалары енді. Бұл жинақта ұсынылып отырған материалдар оқырмандардың кең ауқымына: ішкі істер органдарының қызметкерлеріне, жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамына, магистранттары, курсанттары мен студенттеріне арналған.

**Мейрам ОСПАНОВ,
Эльмира КАНАТЧИНА,
Академияның баспасөз қызметі**

Қызметкерлерінің жеке автокөліктері тексерілді

Жақында Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының шағын саптық алаңында Академия қызметкерлеріне (офицерлер) тиесілі жеке автокөліктердің нормаға сай болуы тексерілді.



Байқауды Академия бастығының орынбасары полиция полковнигі Ербол Қаппасов және жеке құрам инспекциясының аға инспекторы полиция подполковнигі Бақытжан Құрманғалиев өткізді. Арнайы іс шараға автокөлігі бар 5-ден астам қызметкерлер толықтай қатысты.

Тексеріс барысында автокөліктердің құжаттары және өрт сөндіру құралы, апаттық жағдайға арналған белгі, дәрі қобдишасының болуы және тағы басқа құжаттар тексерілді. Аталмыш іс-шараны өткізу Академия қабырғасында жылдағы дәстүрге

айналған. Бұл, әрине, жеке автокөлігі бар қызметкерлердің қауіпсіздігі үшін жасалып отырған шаралардың бірі. Тексеріс барысында барлық автокөліктер нормаға сай екені, тек, бір-екі автокөліктің иелеріне кішігірім ескертулер жасалды. Берілген ескертулер алдағы уақытта жойылатынына көлік иелері уәде берді. Жақсы көлік қашанда жан рахаты, егер құжаттары нормаға сай келіп, жол полициясы тоқтатқанда артық мәселе туындап жатпаса, мына алдын алу іс-шарасының өз уақытында ұйымдастырылғаны деп біліңіз.

Руслан АУЖАНОВ,
полиция майоры

Учаскелік полиция инспекторлары оқып шықты

Қазақстан Республикасы ІІМ Оқу орталығында (Қостанай қ.) біліктілігін арттыру курсына Қостанай облысының ІІД, ҚАІБ, ІІБ, ЖПҚ, учаскелік полиция инспекторлары «орта басшы құрам» санаты бойынша оқытуға жіберілген болатын.

Екіапталықкурсіндеучаскелікполицияинспекторлары Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістер мен толықтыруларды зерделеді. «Учаскелік полиция инспекторы» желісі бойынша білім алуға арнайы алғашқы оқыту курсындағы тағылымдамашылардың тәжірибелік сабақтарына қатысты.

Әкімшілік учаскесі – қалалық аумақта немесе ауылдық жерлерде, полиция учаскелік инспекторлары (қалаларда, қалалық аудандарда) жергілікті полиция қызметі бастығының бұйрығымен бекітіледі. Жергілікті полиция қызметінің бастығы учаскелік полиция пункті қызмет көрсететін әкімшілік учаскенің шекарасын және штат санын белгілейді.

Қостанай қаласында ІІБ Оңтүстік полиция бөлімінің «АҚ-СУ» учаскелік полиция бекетіне, полиция учаскелік инспекторларымен бардық. Өзінің қызмет көрсететін учаскесінде, ІІО аумағында учаскелік полиция инспекторлары негізгі уәкілі болып табылады, өзіне жүктелген міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес атқарады. Учаскелік инспектор бекітілген қызмет көрсететін әкімшілік учаскедегі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде, оған жүктелген міндеттерді орындайтын аумақтық ішкі істер органның негізгі өкілі болып табылады. Учаскелік инспектор өзіне тиесілі аумақтың шегінде жұмыс атқарады, басқа ішкі істер органның қызметкерлеріне қарағанда халық арасында міндеттері мен қызметін орындайды және құзыретіне жататын барлық қызметтерінің бөлімшелерімен аппараттардың негізі болып табылады. Ішкі істер органның учаскелік полиция инспекторының нысаны мен жұмыс жасау әдісі тікелей халықтың әлеуметтік беделін анықтау, бақылау мен бағалау болып табылады. Қостанай қаласындағы ІІБ Оңтүстік полиция бөлімінің ЖПҚ учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны Жансүгіров Қожабай Кәмілұлы өзінің әріптестері арасында бұйрық бойынша бекітілген аумағында экскурсия өткізді. Ғимаратта «Учаскелік полиция бекеті» деген сәулелі таблосы мен жұмыс кестесі азаматтарды қабылдау күндері мен уақытын учаскелік полиция бекеті мен қалалық аудандық органының кезекші бөлімінің телефон нөмірлері мен учаскелік инспекторларының аты-жөні, тегі туралы толық мәліметтер көрсетілген. Дәлізде учаскелік полиция бекеті туралы жабдықталған стендтер, азаматтарға арналған пікір мен ұсынымдар туралы кітаптар, сондай-ақ қызметкерлердің қызмет этикасы ережелері толық заңнамаға сәйкестендірілген. Әкімшілік аумақта әріптестер өзара қызу талқылап, өз пікірлерімен бөлісті.

2017 жылғы 13 қазанда Қостанай жол-көлік колледжінде «Мүлдем тәрбиешілік» қағидаты бойынша ұсақ құқық бұзушылықтарға мүлдем тәрбиешілік атты түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты - «Мүлдем тәрбиешілік» бойынша толық мәлімет беру, ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізу арқылы мүлдем тәрбиешілікке қалыптастыру.

Учаскелік полиция инспекторлары мен Оқу орталығының оқытушы құрамы Қазақстан Республикасы ӨҚБ Кодексінің 25-бабына сәйкес «қоғамдық тәртіп пен ар-намысына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылыққа» түсініктеме жүргізді. Қатысушыларды жанашырлық танытуға, олардың көз алдарында құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда дер кезінде уақтылы жасалынып жатқан құқық бұзушылыққа әсер етуіне немесе полиция бөлімшесіне дереу хабарлауын және селқос қарамауына шақырды. Тек ортақ күш-жігермен қоғамда тәртіптің орнығуына ықпал етуге болады. Аталған іс-шара кезінде учаскелік полиция инспекторлары өздерінің шешендік қабілеттерін көрсете білді.

Оқу - жаттығу орталығындағы жоспарланған іс-шараларға кездесулерге қарамастан, учаскелік полиция инспекторлары өздерін рухани дамыту үшін облыстық филармониясына, И. Омаров атындағы қазақ драма театрына, өлкетану мұражайына, сонымен қатар Оқу орталығындағы өткізілген спорттық іс-шараларға белсенді қатысты.

Б. ЖАНТАСОВА,
Оқу орталығы Арнайы пәндер циклының бастығы полиция подполковнигі

Балаларға арналған ашық есік күні

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің Оқу орталығында (Қостанай қаласы) өсіп-жетіп келе жатқан жас буынды патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға арналған №2 Қостанай түзету мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің балалары үшін ашық есік күні өткізілді.

Оқу орталығында балалардың келуіне орай оқу-саптық бөлімшесінің ұйымдастыруымен Ішкі істер органдарының қатардағы, кіші және орта басшы құрамының лауазымындағы

арнайы алғашқы оқыту курсының 1,2,3,4-взвод тағылымдамашыларының алаңда сапқа тұрғызылуын, сап түзеп жүруін, саптық маршпен өтуін көрсетті. Әкімшілік ғимарат бойынша экскурсия (саяхат) барысында жетім балалар мен ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға, Оқу орталығының оқу және жатын жайлары мен тұрмыстық жайлары көрсетілді. Балаларға тағылымдамашылардың қандай жағдайда тұрып және оқып жатқандарына өз көздерімен көруге мүмкіншілік болды. Әскери және дене шынықтыру даярлығы циклының оқытушысы полиция майоры В. Евдокименкомен спорттық - тренажер залына, балуандар күресетін залына

экскурсия өткізілді, тіпті іп, күрес те ұйымдастырылды. Оқытушылар құрамы балаларды белсенді қорғаныс құралдарымен және енжарлы (белсенді емес) жеке қорғаныс құралдарының тәсілдік-техникалық сипаттамаларымен таныстырды. Ықылас білдіргендер арнайы құралдарды: беренді, оқтан қорғайтын күртешелерді, соққыға қарсы бронды қалқандарды ұстап, өлшеп киіп көрді.

Балалар әсіресе Қалашников автоматы мен Макаров тапаншасына көбірек қызығушылық танытты, оларға қарудың техникалық сипаттамасы туралы айтылды, сонымен қатар берілген қарудың түрлерін жартылай шашу және жинау

көрсетілді және қолдарымен ұстауға рұқсат берілді. Балалар үшін есте қалатыны «Рубин» интерактивтік лазерлік тир дәрісханасы, онда әрқайсысы өздері Макаров тапаншасынан ата алатындықтары қызықтырды. Іс-шараның соңында тағылымдамашылардың асханасында балаларды тәттілермен тамақтандырды. Экскурсиядан кейін тағылымдамашылармен бірге естелікке суретке түсті, балалар осы келуден жақсы әсер алды.

Т. БАЯКЕНОВ,
ҚР ІІМ Оқу орталығы (Қостанай қ.)
курс бастығының орынбасары полиция майоры

Жеңгетайлықпен айналысқан экс-депутат

Рудный қалалық соты ҚР ҚК 309-бабы 2-бөлігі 2-тармағы (жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе оларды ұстау және жеңгетайлық) бойынша айыпталған Рудный қалалық мәслихатының бұрынғы депутаты Юлия Каралашқа қатысты қылмыстық іс бойынша сот үкімін жариялады.

Іс материалдарына сәйкес, қылмыстық істі қарау кезінде сотқа шақырылған адамдардың ішкі өміріне қатысты мәселелер қаралатын болды. Осыған орай, ҚР ҚПК 29-бабы 1-бөлігі талаптарына сәйкес, іске қатысатын адамдардың өмірінің интимдік жақтары туралы мәліметтердің жария етілуін болғызбау мақсатында, жыныстық қылмыстар туралы істер бойынша және басқа да істер бойынша соттың уәжді қаулысы бойынша жабық сот

талқылауына жол берілген. Сот отырысы барысында Ю. Каралаш прокурормен кінәсін мойындау туралы келісім жасаған. Сот үкімімен Ю. Каралаш қылмыстық әрекетте айыпты деп танылып, оған 3 жылға шартты түрде бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Қостанай облыстық сотының баспасөз қызметі

«Есірткісіз өмір сүру» дәрісі

2017 жылғы 26 қазанда Қостанай станциясындағы ІІЖБ ЕБҚКТ-ның жедел уәкілі полиция лейтенанты М.С. Габдуалиев Қостанай қаласының № 115 орта мектебінде «Есірткісіз өмір сүру» тақырыбына профилактикалық сипатында дәріс оқыды.

Полиция лейтенанты балаларға есірткі, есірткі заттар мен препараттары, олардың түрлері және оларды қолдану зардаптары туралы айтып берді.

Қазақстанда есірткі проблемасы — ең маңызды болып отыр. Жыл сайын есірткіні қолданатын адамдар саны көбейіп келе жатыр. Бүгінгі күні жалпы есептер бойынша шамамен 1,5 млн адамды құрап отыр. Бүкіл дүниежүзінде нашақорлар саны 1 млрд адамды құрайды. Сонымен қатар соңғы уақытта нашақорлар армиясының саны жасарып келеді. Есірткіні қолданатын орта жас 18-22 жылдары аралығы болып есептеледі.



Кәмелетке толмаған нашақорлар саны көбейді, осыған байланысты нашақорлардың өмір сүрулерінің орта жасы 40-тан 25 жылға дейін қысқарды. Нашақорлық проблемасы қиын шешіледі. Бүгінгі таңда нашақорлықты емдеудің және науқастарды қалпына келтірудің тиімді әдістері, сондай-ақ, осы процеске жаңа адамдарды тарту тәсілдері жоқ. Себебі, бұл мәселе тек медициналық емес, әлеуметтік болып отыр. Демократиялық қоғамда азаматтарға көптеген еркіндік берілген, нашақорлық проблемасы шешілмеді. Бұл адамның таңдау ісі. Проблеманы шешудің негізгі жолы — жеке тұлғалық, әрбір жеке адамның есірткіге шыдамдылығын тәрбиелеу. Өңгімелесу барысында оқушыларға профилактикалық сипаттағы брошюралар үлестірілді.

Қостанай ст. ІІЖБ Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru